Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден бастап шығады

№2/184
10 қаңтар

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy E-mail: priogazeta@mail.ru

18+

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілсіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеңіз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның санасезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық.

– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұрттшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойнымма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Толығырақ а korda.kz сайтында

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, SMART-CITY ЖӘНЕ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ХҚО: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Қаладағы бейнедомофондар арқылы іздеуде жүрген адамдарды анықтау, жол апатысыз интеллектуалды қиылыстар және Apple Store принципі бойынша жұмыс істейтін жаңа форматтағы Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚО) бүгінде сынақтан өтіп жатыр. Болашақта бұл жобаларды бүкіл ел бойынша кеңейту жоспарланып отыр. Қарағанды облысында цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізу мәселелері ҚР Премьер-министрінің орынбасары, жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің қатысуымен өткен жиында талқыланды.

Негізгі тақырыптар – телекоммуникация мен киберқауіпсіздікті дамыту, IT-хабтардың жұмысы, ХҚО реформасы, сондай-ақ smart-city және smart-өңірлер жобалары болды.

Президент Жолдауында жасанды интеллектті кеңінен енгізу және толық цифрландыру міндеті қойылған. Қарағанды облысы бүгінгі таңда жаңа технологияларды тәжірибелік тексеруден өткізетін пилоттық алаңдардың бірі болып отыр. Аймақта қоғамдық қауіпсіздік, көлік, қалалық инфрақұрылым және деректерді басқару саласында нақты уақыт режимінде цифрлық шешімдер қолданылады.

Қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің негізін 4 мың бейнебақылау камераларының желісі құрайды. Жүйеге жылдамдық өлшегіштер, интеллектуалды қиылыстар және смарт жаяу жүргінші өткелдерін қоса санағанда, 180 аппараттық–бағдарламалық кешен кіреді. Қарағанды мен Теміртауда 22 «Аргус-жаяу жүргінші» кешендері жұмыс істейді: нейрожелі жаяу жүргінші өткелінен өту кезіндегі бұзушылықтарды автоматты түрде тіркеп, материалдарды полицияға жібереді. Жүйе орнатылғаннан кейін аталмыш учаскелерде жаяу жүргіншілер қатысатын жол апаты тіркелген жоқ.

Бет-әлпетті тану жүйесі де дамып келеді, ол ІІМ мен КИРЭБ іздеу базаларымен біріктірілген.

– Аймақта бет-әлпетті тану функциясы бар шамамен 100 камера жұмыс істейді. Өткен жылы олар 268 іздеуде жүрген адамды анықтады. Бастапқыда камералардың көбісі жалпы бейнебақылау үшін ғана орнатылып, ауқымды түрде бет-әлпетті тануға жарай бермейтін. Шешім ретінде қаладағы бейнедомофондарды қолдануды ұсынамыз – олар орнату орны мен бұрышы бойынша оңтайлы. Пилоттық жоба екі тұрғын үй кешенінде іске қосылды және биыл қоғамдық қауіпсіздікті тиімді әрі үнемді күшейтудің жылдам тәсілі ретінде кеңейтіледі, - деді Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласында да ірі өзгерістер күтілуде. ХҚО-лардың философиясын түбегейлі өзгертіп, қайта жобалау жоспарланған – назар процеске емес, нәтиже бағытында шоғырланады. Жаңа тәсілді «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев таныстырды.

– Азамат қызмет алу үшін емес, өзінің өмірлік жағдайын шешу үшін келуі керек. Көп жағдайда бұл – оператордың қатысуынсыз, өздігінен жасалады. Жаңа модельдің басты элементі – AlemGPT негізіндегі өзөзіне қызмет көрсету терминалдары, қарапайым және көпшілік қызметтерге арналған, – деп атап өтті ол.

Күрделі сұраулар үшін Egov 3.0 планшеттері, цифрлық ассистенттер мен биометрия, сондай-ақ негізгі мемлекеттік жүйелерге қолжетімді жұмыс орындары қарастырылған. Жаңа цифрлық кеңселерде қызмет көрсету аймақтары, кеңесшілер, өзөзіне қызмет көрсету терминалдары, ақпараттық экрандар, жұмыс орындары және постоматтар жұмыс істейтін болады. Олардың көмегімен жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, білім туралы құжаттар, апостильденген құжаттар және азаматтық хал актілері берілетін болады. Бұл ХҚО-ларға қайта жүгіну санын азайтуға мүмкіндік береді.

Аймақтық және елордалық деңгейде жүзеге асырылып, басқа өңірлерде ауқымдандыруға ұсынылған жасанды интеллект қолданылатын жобалар жеке таныстырылды.

– Биыл цифрландыру мен ЖИ-ден күтілетін нәтиже ерекше жоғары, және оның барлығы үшін қажетті жағдай жасалған. Елде суперкомпьютерлік қуаттар, білім беру бастамалары және деректермен жұмыс жасауға бағытталған жүйелі тәсілдер бар. Бұл орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер арасындағы жүйелі өзара әрекеттестікке негіз болып отыр, – деді Жаслан Мәдиев.

Қарағанды облысының әкімі Ермаганбет Бөлекпаев аймақтағы цифрландыру жұмыстары жалғастырылатынын атап өтті.

– Барлық ұсынылған шешімдер мұқият қаралып, іске асырылатын болады. Бірлескен жұмыс халықтың өмір сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді облыс басшысы.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫМЕН РЕФОРМАЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов, Асхат Аймағамбетов және Үнзил Шапақ академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Тарих факультетінің ұжымымен кездесті.

Кездесуді ашқан Құдайберген Бексұлтанов ғылыми қауымдастықтың әр буынының өкілдерін құттықтап, олардың білім беру саласына қосқан үлесін атап өтті.

— Бүгін жанымызға жақын осы ордада болып, сіздердің сұрақтарыңызға жауап беру біз үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Жаңа жыл құтты болып, береке әкелсін. Ең бастысы — бірлік пен келісім болсын, — деді депутат.

Ол сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен және депутаттық корпустың белсенді қатысуымен ел дамуына бағытталған маңызды заңнамалық шешімдер қабылданып жатқанын еске салды.

Алдағы реформаларға ерекше тоқталған Үнзилә Шапақтың айтуынша, жуырда Мемлекет басшысының берген сұхбаты 2026 жылға арналған жұмыстың нақты бағытын айқындап берді және бұл жыл ауқымды өзгерістер кезеңі болмақ.

— Президент 2026 жылды реформалар жылы деп атады. Мен Парламенттің конституциялық реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесімін. Қараша айынан бері үш отырыс өтті, алда — төртіншісі. Бастапқыда Конституцияның шамамен үштен бірін өзгерту жоспарланған еді, алайда азаматтар мен сарапшылар қауымынан түскен ұсыныстардың көптігіне байланысты түзетулер көлемі едәуір кеңейіп отыр, — деді ол.

Асхат Аймағамбетов депутаттық жұмыстың нақты нәтижелеріне назар аударды. Оның айтуынша, депутаттық корпус Қарағанды облысына қаржы бөлінуі үшін, соның ішінде облыстық онкологияның операциялық-реанимациялық блогын қаржыландыру бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

— Мұнда мыңдаған адам ем алып, дәрігерлер өмір сақтайтын болады. Мұндай шешімдер біздің жұмысымызда аз емес, — деп атап өтті депутат.

Сондай-ақ ол университет оқытушыларын жылы лебізбен еске алып, олардың жоғары кәсібилігі мен өз ісіне деген шынайы адалдығын, түлектердің лекцияларын ұзақ жылдар бойы ұмытпайтынын айтты.

Кездесу барысында әлеуметтік бастамалар да көтерілді. Атап айтқанда, балаларды ерте жастан қолдауға бағытталған жаңа білім беру бағдарламасы сөз болды. Бес жастан бастап балалар мемлекет тарапынан елеулі қолдауға ие бола алады. Ұсынылып отырған түзетулерге сәйкес, ата-аналар баланың атына шот ашып, 12 АЕК енгізеді, ал мемлекет қосымша 60 АЕК аударады. Жиналған бұл қаражат кейін жоғары оқу орнына түсуге немесе тұрғын үй сатып алуға қомақты қолдау болмақ.

— Бұл бағдарлама болашақта өз рөлін міндетті түрде атқарады, тек банк таңдауға жауапкершілікпен қарау маңызды, — деп атап өтті Құдайберген Бексұлтанов.

Кездесуді қорытындылаған «Аманат» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков депутаттардың жұмыс сапарлары жүйелі түрде ұйымдастырылатынын және ғылыми қауымдастықпен кездесудің кездейсоқ емес екенін айтты.

— Кез келген жоба мен бағдарлама ғылыми негізге сүйенуі тиіс. Ғылым қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші, ал жүзеге асырылып жатқан бастамалар жұртшылықтың назарында болып, халық арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр, — деді ол.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

«КРЕЩЕНИЕ ГОСПОДНЯ» МЕРЕКЕСІН МЕРЕКЕЛЕУ КЕЗІНДЕ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ ҚОЙМАЛАРЫНДА СУҒА ТҮСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мұзды суатта суға түсу (ғұсыл жасау) ережелері:

1. Суға қатаң түрде жағаға жақын арнайы жабдықталған мұзды суаттарда түсу керек.

2. Мұзды суатта суға түсер алдында жүгіру арқылы денені қыздырып, ширату керек.

3. Мұзды суатқа аяқтың сезімталдығын жоғалтпау үшін ыңғайлы, тайғақ емес және оңай шешілетін аяқ киіммен келу керек.

Мұзды суатқа жақындап бару үшін бәтіңке немесе жүн шұлығын киген дұрыс. Аяқты өткір тастар мен тұздан қорғайтын, сонымен қатар Сізді мұзда тайғанап кетуден сақтайтын арнайы резеңке тәпішкелерді қолдануға болады. Мұзды суатқа баратын жолдың тайғақ болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Ақырын және мұқият жүріңіз.

4. Мидағы қан тамырларының рефлекторлық тарылуын болдырмау үшін басыңызды суламай, суға мойныңызға дейін түсіңіз. Мұзды суатқа ешқашанда басыңызбен сүңгімеңіз.

Суға секіру және толығымен суға бату дұрыс емес, өйткені ол дене температурасын төмендетеді және суықтан есеңгіреп қалуы мүмкін.

5. Суға түсісімен өзіңізге қажетті тереңдікке тез жетуге тырысыңыз, бірақ жүзбеңіз. Сіздің денеңіз суыққа бейімделгеннен кейін суық судың толығымен қалыпты қауіпсіз жиіленген тыныс алуға әкелуі мүмкін екенін есте сақтаңыз.

6. Дененің жалпы суып кетуіне жол бермеу үшін мұзды суатта 1 минуттан артық болмау керек.

7. Суға түскеннен (ғұсылдан) кейін түкті орамалмен денені құрғата ысқылай сүртіп, құрғақ киім киіңіз.

8. Иммунитетті және дененің суып кетпеу мүмкіндігін нығайту үшін ыстық шай ішу керек, бәрінен де жидектерден, жемістерден және көкөністерден термоста алдын ала дайындалған шай ішкен жақсы болады.

Мұзды суатта суға түсу (ғұсыл жасау) үшін орынды қалай дұрыс таңдауға болады?

Ағынының жылдамдығы 0,25 м/с аспайтын су қоймасы таңдалады. Мұзды суат болатын жердегі мұздың қалыңдығы кемінде 25 сантиметр болуы тиіс. Мұзды суаттың орны айлақтан, өзен құйылыстары мен ағынды сулардан қашықтықта таңдалады.

Мұзды суаттың түбінде жарақат тудыруы мүмкін бөгде заттар және тік беткейлері, балдырлары, шөгінділері немесе үлкен тастары болмауы керек, тегіс, құмды болғаны жақсы. Мұзды суат маңындағы жағалау екі бағытта да қозғалуға ыңғайлы болуы керек.

Автомашиналардың су қоймасының мұзына шығуына қатаң тыйым салынады.

Көпшіліктің қысты күнгі суға түсу орындарының жақсы жарықтандырылуын қамтамасыз ету керек, барлық электр және өрт қауіпсіздігі ережелері сақталуы тиіс.

Мұзды суат, мүмкіндігінше, желден қорғалған болуы керек, ал оған жақын жерде жылы үй-жай (киінетін бөлме) болуы керек.

Мұздың шағын алаңында бір уақытта 20-дан астам адамның болуына жол бермеу керек.

Мұзды суатты қалай дұрыс жабдықтау керек?

Ең алдымен, алаңды қардан тазарту керек, барлық жағынан суға еркін жақындай алатындай, оның аумағы купельдің көлемінен бірнеше есе үлкен болуы тиіс.

Мұзды суаттың оңтайлы өлшемі - 12 м². Мұндай мұзды суат бір уақытта бес адамға дейін сығылыспай және мұз жиегіне жанаспай өту үшін жеткілікті. Мұзды суаттың өлшемдері кемінде 3х3 метрді құрайды. Купель орналасатын жердегі тереңдік 150 сантиметрден аспауы тиіс.

Әдетте, суға түсу орны мұзға шығу үшін барлық қажетті ағаш төсемелермен, суға түсу үшін тұтқалар мен баспалдақтармен жабдықталуы тиіс. Купель жағадан жеткілікті қашықтықта орнатылады. Мұздың қалыңдығы кемінде 25 сантиметр болуы тиіс.

Мұзды суат ойығы біркелкі кесіліп, бүкіл периметрі бойынша тереңдетілуі керек. Мұзды суатты қар брикеттерінен жасалған қабырғамен қоршауға және «киім ауыстыратын бөлме» ретінде пайдалануға болады. Мұндай қоршау әдемі ғана емес, сонымен қатар желден де қорғайды.

Мұзды суаттың шетінің бұрышында немесе ортасында баспалдақ үшін өлшемі 60х60 сантиметр болатын ойықты кесіп алу керек. Суға түсуге және судан шығуға ыңғайлы болу үшін баспалдақтың саны кемінде бесеу болуы тиіс. Мұзды суаттың шетінде ағаш немесе металл баспалдақтар бекітіледі. Олар биіктігі 90-110 сантиметр болатын тұтқалармен жабдықталуы тиіс. Металл тұтқалар оқшаулағыш немесе бетон таспамен оралады немесе оларға резеңке шланг кигізіледі.

Рәсім өткізілетін жер қоршалуы тиіс. Мұзды суаттың айналасындағы кез келген қоршау (металл сым мен тордан, ағаштан, қардан, мұздан жасалған) оның шеттерінен 7-10 метр қашықтықта орнатылады. Бұдан басқа, көрермендер абайсызда суға түсіп кетпеуі үшін, ал суға түсетіндердің мұз астына түсіп қалмауы үшін мұз үстінен де және мұз астынан да мұзды суатты периметрі бойынша қоршау қажеттігі ұсынылады.

Мұз бетінде мұзды суаттың шетіне дейін торланған ағаш төсеме орнатылады. Төсеме берік болуы тиіс, ол адамның тайып кетуіне және суға құлап кетуіне мүмкіндік бермейтіндей мұз бетінде сырғып кетпеуі тиіс. Купельге баратын жол (соқпақ, жалғыз аяқ жол) мен төсеме қардан тазартылып, мұзы ойылып, топырақ себілуі тиіс.

Толығымен батырылмаған немесе мұзды суаттан алынбаған өткір жиектері бар мұз кесектері жарақаттануға себеп болуы мүмкін. Батырылған мұз кесектерінің кеін қарай мұзды суатта шығып қалуы жиі орын алады, ал суға түсуші адам оны байқамай, оған ұрынып қалуы мүмкін. Мұндай қауіптің алдын алу үшін мұзды суатты мұздан мұқият тазалап, суға түсу кезінде оны қадағалап отыру қажет.

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментімен, Қарағанды және Шахтинск епархиясы ОПШ бірлесіп, Қарағанды облысының дін істері басқармасы тарапынан әзірленді.

БАЛАЛАР ЖҮРЕГІНІҢ АҚЫНЫ АҚЫН, БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ ӘДІБАЙ ТАБЫЛДЫ 100 ЖЫЛ.

Қазақ балалар әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгерлердің бірі – ақын Әдібай Табылды. Биыл балалар поэзиясының көрнекті өкілінің туғанына 100 жыл толып отыр. Бұл – жас ұрпаққа рухани тәрбие беруде сүбелі үлес қосқан ақын еңбегін ұлықтайтын тағылымды дата.

Әдібай Табылды өз шығармаларында балалардың ішкі жан дүниесін, олардың пәк сезімі мен таза көңілін шынайы бейнелей білді. Ақынның өлеңдері жеңіл тілмен жазылып, баланың ойына қонымды, жаттауға оңай келеді. Ол табиғатты сүюге, үлкенді сыйлауға, достық пен адалдықты қастерлеуге үндейтін тәрбиелік мәні зор туындыларымен ерекшеленеді.

Ақын поэзиясында балалық шақтың қуанышы мен қызығы, еңбекке деген сүйіспеншілік, туған жерге деген махаббат кеңінен көрініс табады. Әсіресе, балаларға арналған өлеңдерінде өмірге деген оң көзқарас, ізгілік пен мейірім басты орын алады. Сол себепті де Әдібай Табылдының шығармалары бірнеше буын оқырманның жүрегінен орын алды.

2026 жылдың 8 қаңтар күні балалар кітапханасының оқу залында ақын, балалар жазушы, драматург Әдібай Табылдының туғанына 100 жыл толуына орай «Балалар жүрегінің ақыны» атты поэзия сағаты өткізілді. Мақсаты: Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Әдібай Табылдының өмірі мен шығармашылығын жас оқырмандарға таныстыру. Іс-шара барысында кітапханашы поэзия сағатын ашып, оқушыларды Әдібай Табылдының туғанына 100 жыл толуымен таныстырып, ақынның балалар әдебиетіндегі орны мен маңыздылығын қысқаша баяндады. Оқушылар балаларға арналған өлеңдері мен тақпақтарын мәнерлеп оқыды. Іс-шара соңында Әдібай Табылдының балалар әдебиетіне қосқан үлесі ерекше атап өтілді. Ақынның шығармалары балалардың ой-өрісін кеңейтіп, жақсылыққа, ізгілікке жетелейтіні қорытындыланды.

Әдебиет пен тәрбиені қатар ұштастырған ақын мұрасы – бүгінгі жас ұрпақ үшін де құнды. Оның өлеңдері мектеп бағдарламаларында оқытылып, түрлі әдеби іс-шараларда кеңінен насихатталуда. Бұл – ақын шығармаларының өміршеңдігін дәлелдейді.

Әдібай Табылды – балаларға арнап жазып қана қоймай, олардың жанын түсіне білген, шын мәнінде балалар жүрегінің ақыны. Ақынның өнегелі өлеңдері жас ұрпақты адамгершілікке, білімге, өнерге жетелеп, рухани бай тұлға болып қалыптасуына қызмет ете бермек.

Балалар бөлімінің кітапханашысы Кулмишева Ж.А.

ПРАВИЛА ПРИ КУПАНИИ В ВОДОЕМАХ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВО ВРЕМЯ ПРАЗДНОВАНИЯ «КРЕЩЕНИЯ ГОСПОДНЯ»

Правила купания (омовения) в проруби:

1. Окунаться (купаться) следует строго в специально оборудованных прорубях у берега.

2. Перед купанием в проруби необходимо разогреть тело, сделав разминку, пробежку.

3. К проруби необходимо подходить в удобной, не скользкой и легкоснимаемой обуви, чтобы предотвратить потери чувствительности ног.

Лучше использовать ботинки или шерстяные носки для того, чтобы дойти до проруби. Возможно использование специальных резиновых тапочек, которые также защищают ноги от острых камней и соли, а также не дадут Вам скользить на льду. Идя к проруби, помните, что дорожка может быть скользкой. Идите медленно и внимательно.

4. Окунаться лучше всего по шею, не замочив голову, чтобы избежать рефлекторного сужения сосудов головного мозга. Никогда не ныряйте в прорубь вперед головой.

Прыжки в воду и погружение в воду с головой не рекомендуются, так как это увеличивает потерю температуры и может привести шоку от холода.

5. При входе в воду первый раз старайтесь быстро достигнуть нужной Вам глубины, но не плавайте. Помните, что холодная вода может вызвать совершенно нормальное безопасное учащенное дыхание. Как только Ваше тело приспособилось к холоду.

6. Не находиться в проруби более 1 минуты во избежание общего переохлаждения организма.

7. После купания (омовения) разотрите себя махровым полотенцем и наденьте сухую одежду.

8. Для укрепления иммунитета и возможности переохлаждения необходимо выпить горячий чай, лучше всего из ягод, фруктов и овощей из предварительно подготовленного термоса.

Как правильно выбрать место для купания (омовения)?

Выбирается водоём, скорость течения в котором не превышает 0,25 м/с. Толщина льда в месте устройства проруби должна быть не менее 25 сантиметров. Место для проруби выбирается на удалении от причалов, впадения рек и сточных вод.

Дно под прорубью должно быть не засоренным посторонними предметами, способными вызвать травмы, ровным, лучше песчаным, без крутых уклонов, водорослей, коряг, крупных камней. Берег в районе проруби должен быть удобным для движения в обоих направлениях.

Выезд автомашин на лёд водоёма категорически запрещен.

Необходимо предусмотреть, чтобы места массового зимнего купания были хорошо освещены, при этом должны быть соблюдены все правила электробезопасности и пожарной безопасности.

Прорубь, по возможности, следует защитить от ветра, а недалеко от неё должно располагаться теплое помещение (раздевалка).

Нельзя допускать, чтобы на небольшом участке льда одновременно находилось более 20 человек.

Как правильно оборудовать прорубь?

Прежде всего, нужно очистить от снега площадку, размер которой должен в несколько раз превышать величину купели, чтобы со всех сторон к воде были свободные подходы.

Оптимальный размер проруби – 12м². Такая прорубь достаточна для одновременного пребывания в ней до пяти человек без скучиванья и соприкосновений с ледовой кромкой. Минимальные размеры проруби составляют 3х3 метра. Глубина в месте размещения купели не должна превышать 150 сантиметров.

Как правило, место проведения купания должно быть оборудовано всем необходимым: деревянными настилами для выхода на лед, а также поручнями и ступенями для входа в воду. Купель оборудуют на достаточном удалении от берега. Толщина льда должна составлять не менее 25 сантиметров.

Вырубку проруби необходимо проводить равномерно, углубляя бороздку по всему периметру. Прорубь можно огородить стеной, выложенной из снежных брикетов, и сделать в ней «раздевалку». Такая ограда будет не только красива, но и защитит от ветра.

На углу или посредине кромки проруби необходимо вырубить выемку размером 60х60 сантиметров для лестницы. Для удобства схода в воду и выхода из воды количество ступней должно быть не менее пяти. Деревянные или металлические лестницы закрепляют (вмораживают) у края проруби. Они обязательно должны быть оборудованы поручнями высотой 90 – 110 сантиметров. Металлические поручни обматывают изоляционной или киперной лентой либо надевают на них резиновый шланг.

Место для проведения обрядов должно быть ограждено. Любое ограждение проруби (из металлической проволоки и сетки, деревянное, снежное, ледяное) устанавливается на расстоянии 7-10 метров от её краев. Кроме этого рекомендуется сделать ограждение проруби по периметру, на льду и подо льдом, чтобы зрители случайно не упали в воду, а купающиеся не могли попасть под лед.

На ледовой поверхности устраивается деревянный решетчатый настил до края проруби. Настил должен быть прочным, не должен скользить по поверхности льда и исключать возможность соскальзывания и падения человека в воду. Подходы (дорожки, тропинки) к купели и настилы должны быть очищены от снега, наледи скалываться и посыпаться песком.

Не полностью затопленные или не извлеченные из проруби льдины с острыми краями могут стать причиной травм. Во время купания затопленные льдины нередко выплывают обратно в прорубь, купающийся может не заметить этого и наткнуться на них. Чтобы предотвратить подобную опасность, нужно тщательно очищать прорубь ото льда и вести наблюдение за нею во время купания.

Разработано управлением по делам религий Карагандинской области совместно с Карагандинской и Шахтинской Епархией ПЦК и ДЧС Карагандинской области

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен тұрақты түрде мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесіне талдау жүргізіліп отырады.

Бүгінгі таңда жүргізілген талдау өңірде қызметтік тәртіп бұзушылықтардың өсу үрдісі бар екенін көрсетті.

Өз кезегінде, қызметтік материалдарды қарау барысында жекелеген рәсімдердің сақталмау жағдайлары анықталуда, бұл мемлекеттік органдар басшыларының тарапынан ерекше назарды талап етеді.

Есептік кезеңде 510 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 1,1%-ға және 2023 жылмен салыстырғанда 3%-ға аз. Бұзушылық жасағандардың басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне тиесілі.

Сонымен қатар, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларының бұзылуына ерекше көңіл бөлінуде.

Есептік кезеңде мұндай құқықбұзушылық жасағаны үшін 16 мемлекеттік қызметші жауапкершілікке тартылған.

Атап өту керек, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар есепті кезеңде тіркелмеген.

Бұзушылықтарды талдаумен қатар, Департамент профилактикалық жұмысты жүйелі түрде күшейтуде. Өңірде оқыту семинарлары, консультациялар және Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі.

Бұдан бөлек талдамалық жұмыс кеңейтілді — бұзушылықтардың себептері зерттеледі, нысаналы ұсыныстар әзірленеді, мемлекеттік қызметшілердің қызметіне мониторинг жүргізіледі.

Мұндай кешенді тәсіл анықталған құқық бұзушылықтарға дер кезінде әрекет етуге ғана емес, олардың алдын алуға, мемлекеттік қызметшілер арасында адалдық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тәртіп бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін арттыру — мемлекеттік аппараттың сапалы жұмыс істеуінің маңызды кепілі болып табылады.

Г.Құрбанбаева
Қарағанды облысы Кәсіпкерлер ассоциациясының президенті, МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті жанында құрылған Әдеп кеңесінің мүшесі

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №2/184, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.